

# **«Арнұр Кредит» Микроқаржылық ұйым» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ЖАРҒЫСЫ**

## **УСТАВ товарищество с ограниченной ответственностью «Микрофинансовая организация «Арнур Кредит»**

**Шымкент, 2022**

**Б Е К И Т И Л Г Е Н**  
«Арнұр Кредит» Микроқаржылық ұйым» ЖШС-сі  
Қатысушыларының жалпы жиналышы шешімімен

**29 маусым 2022 жылғы № 30/2022 хаттама**

**«Арнұр Кредит» Микроқаржылық ұйым»  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің  
ЖАРҒЫСЫ**

**1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

**1.1.** Осы Жарғы «Арнұр Кредит» Микроқаржылық ұйым» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі – «Серіктестік» немесе «Микроқаржылық ұйым») Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес құрылған занды тұлға ретіндегі құқықтық мәртебесін анықтайды, өзінің құрамында/мазмұнында атауын, мекен-жайын, органдарын құру тәртібін және олардың құзыretін, қайта құру және қызметін тоқтату талаптарын/шарттарын, сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Заннамаларына қайшы келмейтін басқа да ережелерін белгілейді.

**1.2.** Серіктестік Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес атауының өзгеруіне байланысты қайта тіркелген, Серіктестіктің ескі атауы – «Арнұр Кредит» Микрокредиттік ұйым» ЖШС.

**1.3.** Серіктестік қатысушыларының тізілімін жүргізу, құнды қағаздар нарығының кәсіби қатысуши, құнды қағаздарды ұстаушылар жүйесін жүргізу қызметін атқарушысымен жүзеге асырылады.

**1.4.** Микроқаржылық ұйымның фирмалық атауы:

- Мемлекеттік тілінде: «Арнұр Кредит» Микроқаржылық ұйым» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
- Орыс тілінде: Товарищество с ограниченной ответственностью «Микрофинансовая организация «Арнур Кредит»;
- Ағылшын тілінде: «Microfinance organization «Arnur Credit» Limited liability partnership.

**1.5.** Серіктестіктің қысқартылған атауы:

- Мемлекеттік тілінде: «Арнұр Кредит» МҚҰ» ЖШС;
- Орыс тілінде: ТОО «МФО «Арнур Кредит»;
- Ағылшын тілінде: «MFO «Arnur Credit» LLP;

**1.6.** Микроқаржылық ұйымның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 160011, Шымкент қаласы, Әл-Фараби ауданы, Ахмет Байтұрсынов көшесі, 10/2 ғимарат.

**1.7.** Микроқаржылық ұйымның әрекет ету мерзімі – шектеусіз.

**2. СЕРИКТЕСТИКТІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ**

**2.1.** Серіктестік Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының қолданысындағы Заннамаларына, осы Жарғыға және Серіктестіктің басқа да ішкі құжаттарына сәйкес жұмыс істейтін Занды тұлға болып табылады.

**2.2.** Серіктестіктің дербес балансы, банктік шоттары бар, өз атынан сатып алу, муліктік және жеке муліктік емес құқықтарды, міндеттемелерді жузеге асырады, сotta талаң қоюшы және жауапкер бола, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заннамасымен тыйым салынбаған басқа да занды әрекеттерді орындау алады.

**2.3.** Серіктестіктің мөрі, атауы бар бланкісі, логотипі және оның қызметін жүзеге асыру үшін қажетті өзге де деректемелері бар.

**2.4.** Серіктестік Қазақстан Республикасының аумағында филиалдар мен өкілдіктерді құруға және басқа тұлғалармен бірlestіктерге (одақтарға) кіруге құқылы.

**2.5.** Серіктестік өзіне тиесілі барлық мүлікпен өзінің міндеттемелері бойынша жауапты болып табылады.

**2.6.** Мемлекет Серіктестік борыштары бойынша жауапты болмайды. Серіктестік мемлекеттің борыштары бойынша жауапты болмайды. Серіктестік Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, өз қатысушыларының міндеттемелері үшін жауапты болмайды. қатысушылар серіктестіктің міндеттемелері бойынша жауапты болмайды және өз жарналарының мөлшерінде ғана Серіктестіктің қызметімен байланысты тәуекелдер шығынын көтереді.

### **3. СЕРІКТЕСТІК ҚЫЗМЕТИНІҢ МАҚСАТЫ МЕН МӘНІ**

**3.1.** Серіктестіктің қызметінің негізгі мақсаты жарғылық қызметтен таза табу болып табылады.

**3.2.** Серіктестік қызметінің мәні болып төмендегілер табылады:

- жеке және (немесе) заңды тұлғаларға республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жиырма мың еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде қамтамасыз етілетін не қамтамасыз етілмейтін микрокредиттер беру;
- Қазақстан Республикасының резиденттерінен және бейрезиденттерінен қарыз тарту (кәсіпкерлік қызмет ретінде азаматтардан қарыз түрінде ақша тартуды қоспағанда);
- өз активтерін бағалы қағаздарға және өзге де қаржы құралдарына инвестициялау;
- микрокредиттер беру жөніндегі қызметке байланысты мәселелер бойынша консультациялық қызметтер көрсету;
- өз мүлкін мүліктік жалға (жалдауға) беру;
- лизингтік қызметті жүзеге асыру;
- ақпарат жеткізгіштердің кез келген түрінде микроқаржы үйымдары қызметінің мәселелері бойынша аринаулы әдебиетті еткізу;
- төлем агентінің және қосалқы төлем агентінің функцияларын жүзеге асыру;
- Қазақстан Республикасы резидент-сақтандыру үйымдарының атынан және тапсырмасы бойынша сақтандыру агенті ретінде сақтандыру шарттарын жасасу;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес электрондық ақша жүйесі агентінің функцияларын жүзеге асыру;
- факторингтік операциялар: тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатып алушыдан төлем жасамау тәуекелін қабылдай отырып, төлемді талап ету құқықтарын сатып алу;
- форфейтингтік операциялар (форфетирлеу): тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатып алушының борыштық міндеттемесін сатушыға айналым түспейтін жолмен вексель сатып алу арқылы төлеу;
- кепілдіктерді, кепілгерліктерді және ақшалай нысанда орындауды көздейтін өзге де міндеттемелерді беру;
- Жеке тұлғаларға жеке пайдалануына арналған жылжымалы мүлкін кепілге қойғыза отырып микрокредиттер беру жөніндегі қызметті жүзеге асыра құрамында бағалы металдар және асыл тастар бар зергерлік бүйымдарды есепке алуды, сактауды және сатуды қосымша жүзеге асыруға құқылы.

**3.3.** Серіктестікке осы Жарғымен белгіленбеген өзге кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыруға тиім салынады.

**3.4.** Егер, өзге қызмет үшін уәкілетті органдарының арнайы рұқсаты (лицензиясы, сертификаты, және т.б.) талап етелеңтін болса, Серіктестік ондай қызметті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оған тиісті рұқсат алғаннан кейін ғана жүзеге асыра алады.

**3.5.** Облигацияларды Қазақстан Республикасының үйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында орналастыру және (немесе) "Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында жұмыс істейтін қор биржасындағы сауда-саттыққа жіберу мақсаттары үшін шығаруды қоспағанда, серіктестікке облигациялар шығаруға тыйым салынады.

## **4. СЕРІКТЕСТІК ҚАТЫСУШЫЛАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

### **4.1. Серікtestіk қатысушыларының құқықтары:**

- 1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және Серікtestіkтің жарғысымен қарастырылған тәртіpte Серікtestіkтер істерін басқаруға қатысу;
- 2) Серікtestіkтің жарғысымен қарастырылған тәртіpte Серікtestіkтің қызметі туралы ақпарат алу, оның есептік және басқа да құжаттамаларымен танысу;
- 3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Серікtestіkтің құрылтайшылық құжаттарына сәйкес Серікtestіkтің қызметінен табыс алу;
- 4) Серіktestіk жойылатын жағдайда несие берушілермен есеп айырысқаннан кейін қалған мүліктің үлестік құнын алу, немесе Серіktestіkтің барлық қатысушыларының келісімімен осы мүліктің бөлігін заттай алу;
- 5) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен қарастырылған тәртіpte өз үлесін иелігінен шығару арқылы Серіktestіkтікке қатысуын тоқтату;
- 6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және Серіktestіkтің жарғысымен қарастырылған құқықтарын бұзатын Серіktestіk органдарының шешімдерін сот тәртібімен даулауға.

**4.2. Алдыңғы тармақта қарастырылған құқықтар түбегейлі болып табылмайды. Серіktestіkтің қатысушылары Қазақстан Республикасының заңнамасына және/немесе Серіktestіkтің жарғысына сәйкес басқа да құқықтарды пайдалана алады.**

### **4.3. Серіktestіk қатысушыларының міндеттері:**

- 1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және Серіktestіkтің Жарғысымен қарастырылған тәртіpte, мөлшерде және мерзімде Серіktestіkтің жарғылық капиталына үлес қосу;
- 2) Серіktestіkтің құрылтайшылық құжаттарының ережелерін сақтау;
- 3) Серіktestіkке қатысты жүктелген міндеттерді орындау;
- 4) Коммерциялық құпия болып табылатын Серіktestіkтің қызметі туралы мәліметтерді жария етпеу;
- 5) Серіktestіkтің атқару органына және қатысушылар реестрін жүргізуі тіркеушісіне жазбаша түрде, атауының, орналасқан жерінің, мекенінің, банкілік деректемелерінің (егер, қатысушы заңды тұлға болса) немесе жеке басын куәлендіретін құжаттарындағы деректерінің, есімінің, тұрғылықты мекенінің (егер, қатысушы жеке тұлға болса) ауысқандығы, өзгергендігі жөнінде хабарлауға;

**4.4. Алдыңғы тармақта қарастырылған қатысушылардың міндеттері түбегейлі болып табылмайды. Серіktestіkтің қатысушыларына Қазақстан Республикасының заңнамасына және/немесе жарғысына сәйкес басқа да міндеттер жүктеледі.**

## **5 . СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫ МЕН МУЛКІ**

**5.1. Серіktestіkтің жарғылық капиталы қатысушылардың үлестерін біріктіру арқылы құрылады және мөлшері - 436 364 000 (Төрт жүз отыз алты миллион үш жүз алпыс төрт мың) теңгені курайды.**

**5.2. Серіktestіkтің жарғылық капиталы міндетті түрде Қазақстан Республикасының ұлттық ақша бірлігімен (валютасымен) ғана қалыптастырылады.**

**5.3. Серіktestіkтің жарғылық капиталындағы барлық қатысушылардың үлестері, олардың салымдарына пропорционалды болады.**

**5.4. Серіktestіkтің қандай да бір қатысушысы өз үлесін сататын жағдайда Серіktestіkтің қатысушылары үлесті немесе оның бөлігін сатып алуға үшінші тұлғалар алдында басым құқыққа ие.**

**5.5. Қатысушылардың үлестерін беру (ауысу) тәртібі, Серіktestіkтің жарғылық капиталындағы қатысу үлестерімен операциялар жасалған күнгі өзгертулері мен толықтырулары бар Қатысушылар Шартының ережелерімен реттеледі. Егер**

Казақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен келіспеушіліктер мен қарама-қайшылықтар болса, Қатысушылар Шарты басымдыққа ие болады.

**5.6.** Серіктестіктің мүлкі қатысушылардың жарнасынан, Серіктестік табыстарынан, сондай-ақ КР Заңнамасында тыйым салынбаған басқа да көздерден қалыптасады.

**5.7.** Серіктестіктің мүлкі оның балансында есептеледі.

## **6. СЕРІКТЕСТІКТІҢ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ**

Серіктестіктің органдары болып төмендегілер табылады:

- Жоғарғы орган - Қатысушылардың жалпы жиналысы
- Басқару органы - Директорлар кенесі
- Атқарушы органы – Басқарма

## **7. ЖОҒАРҒЫ ОРГАН**

**7.1.** Серіктестіктің жоғары органы болып Қатысушылардың жалпы жиналысы табылады және оның ерекше құзыретіне төмендегілер жатады:

- 1) Серіктестіктің жарғысын өргерту, соның ішінде жарғылық капиталдың мөлшерін, орналасқан жерін, фирмалық атауын өзгерту немесе Микроқаржылық үйім жарғысының жана редакциясын бекіту;
- 2) Серіктестіктің атқарушы орган қалыптастыру және оның өкілеттігін жедел (мерзімінен бұрын) тоқтату, сондай-ақ Серіктестікті немесе оның мүлкін сенімді басқаруға беру және шарттары жөніндегі шешімді қабылдау;
- 3) Директорлар кенесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін, оның мүшелерін сайлау, олардың өкілеттілігін жедел (мерзімінен бұрын) тоқтату және олардың өтемақысын анықтау;
- 4) жылдық қаржылық есептілікті бекіту және таза кірісті үlestіру;
- 5) Жарғыға сәйкес Серіктестіктің басқа да органдарының құзыретіне жатқызылмаған Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін ішкі ережелерді, оларды қабылдау процедураларын және басқа да құжаттарды бекіту;
- 6) Серіктестіктің басқа заңды тұлғаларға қатысуы туралы шешімді қабылдау;
- 7) Серіктестіктің қайта құру немесе жою жөнінде шешімді қабылдау;
- 8) тарату комиссиясын тағайындау және тарату балансын бекіту;
- 9) Серіктестіктің қатысушыларының үлесін мәжбүрлеп сатып алу туралы шешімді қабылдау;
- 10) Серіктестіктің барлық мүліктерін кепілдікке қою туралы шешімді қабылдау;
- 11) Серіктестіктің мүлкіне қосымша жарналар енгізу туралы шешімді қабылдау;
- 12) Серіктестіктің табысы басқа да үшінші тұлғалармен бөліске түсетін бірігу, ынтымақтасу, пайданы бөлісу немесе роялти шартын жасау, немесе басқа да осыған үксас серіктестіктің келіссөздерін жүргізу туралы, сондай-ақ еншілес мекемелерді құру және өзінің басқа да қатысушыларымен немесе сабактас (байланысты/қатысы бар - афилирленген) тұлғалармен, немесе өзінің қатысушыларының аналық компанияларымен өзге де Келісімдерді тұзу, оны өзгерту және/немесе оны бұзу жөніндегі шешімдерді қабылдау;
- 13) сыртқы аудиторлық компанияны анықтау;
- 14) Серіктестіктің қызметі туралы Серіктестік үлесін сатып алушылар мен Серіктестік қатысушыларына ақпаратты беру тәртібімен мерзімдерін бекіту;
- 15) нәтижесінде шығарылған облигациялардың жалпы сомасы Серіктестіктің жалпы активтерінің 25% астамын құрайтын Серіктестіктің облигацияларды шығару шарттарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау.

**7.2.** Серіктестіктің қатысушыларының жалпы жиналысы, Жарғы бойынша белгіленген өздерінің құзыретінің қалай анықталғанына қарамастан, Серіктестіктің қызметіне қатысты кез келген мәселелерді қарастыруға (талқылауғы, қарастыруга) қабылдауға құқылы.

**7.3.** Қатысушылардың жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің немесе Атқарушы органның айрықша құзіреттілігіне жатпайтын мәселелерді олардың қарауына (шешуіне өткізуге) екілеттілік беруге құқылы.

**7.4.** Жаупкершілігі шектеулі серіктестіктің барлық қатысушылары жалпы жиналысқа қатысуға, күн тәртібінің сұрақтарын талқылауға араласуына және шешім қабылдауына, дауыс беруіне құқығы бар. Жаупкершілігі шектеулі серіктестіктің қатысушысы жиналысқа өзі немесе екілі арқылы қатыса алады. Бұл ретте, Қатысушы – Жеке тұлғаның және Занды тұлғаның екілі ретінде кез-келген басқа да тұлға, Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес түзілген жазбаша сенімхат негізінде немесе Қатысушы – Занды тұлғаның басшысы сенімхатсыз қатысуға құқылы.

**7.5.** Қатысушылардың кезекті жалпы жиналыстарынан басқаларының барлығы "Қатысушылардың кезектен тыс жалпы жиналыс" деп аталады. Қатысушылардың кезектен тыс жалпы жиналысы, Басқарманың өз бастамасымен, Директорлар Кеңесінің немесе барлық қатысушылар дауыстары жиынтығының оннан бір бөлігіне ие қатысушының талаптары бойынша шақырылуға жатады.

**7.6.** Жарғының 7.1-ші тармағының 1), 2), 3), 4), 6), 7), 8), 9), 10), 11), 12) тармақшаларындағы мәселелер бойынша шешімдер Серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысына қатысып отырған және ұсынылған қатысушылардың төрттен үш бөлігін құрайтын айқын көпшіліктің дауысы негізінде қабылданады.

**7.7.** Жарғының 7.1-ші тармағының 9-ші тармақшасында қарастырылған мәселе бойынша шешім қабылдау кезінде, үлесі мәжбурлеп сатып алынғалы жатқан қатысушы дауыс беруге қатыспайды және оның дауысы дауысты есептеуде есепке алынбайды.

**7.8.** Өзге шешімдер Серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысына қатысып отырғандардың және ұсынылғандардың көпшілік дауысымен қабылданады.

**7.9.** Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қатысушылардың жалпы жиналысы Жарғының 7.1-тармағының 1), 7), 10) - тармақшаларында көрсетілген мәселелерден басқаларын сырттай қарau тәртібімен қабылдауға алуға құқылы.

## **8.СЕРІКТЕСТИКТІҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ**

**8.1.** Директорлар кеңесі, Қазақстан Республикасы заңнамасымен және/немесе Серіктестіктің Жарғысымен қатысушылардың жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерден басқаларын қоспағанда, Серіктестіктің қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

**8.2.** Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне, қатысушылардың жалпы жиналысының айрықша құзыретіне кірмейтін, мынадай мәселелерді жатады:

- 1) Серіктестіктің қызметінің басымды және даму стратегиясының бағыттарын анықтау;
- 2) Серіктестіктің жылдық қаржылық есебін, таза табыс және оны үlestіру туралы Жалпы жиналысқа берілетін ұсынымды алдын-ала бекіту;
- 3) еңбек ақысының шарттарын, лауазымдық айлық (оклад) және Басқарма басшысы мен мүшелеріне (немесе атқарушы органдарының функцияларын жүзеге асыратын дара тұлға), сондай-ақ ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне тағайындалатын сыйақы мөлшерлерін анықтау;
- 4) қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын Серіктестік немесе оның қызметі туралы Ақпаратты анықтау;
- 5) Серіктестіктің бизнес-саясатын және стратегиясын Белгілеу және соған сәйкес іскерлік сұрақтарды, оның ішінде жылдық бизнес-жоспар және/немесе бюджетті және кез келген осындай стратегия мен жоспарға енгізілген өзгертулерді бекіту;
- 6) жылдық бюджет шығынының немесе кредит тартымдылығы жоспарының расталған жылдық бизнес-жоспардан 15% ауытқуын бекіту;
- 7) Серіктестіктің меншікті капиталының 10% артық активтерді сатып алу, лизингке беру, сату, трансфер жасау, иеліктен шығару немесе шектеуге қою, ауыртпалық салу (егер ондай ауыртпалықты жүктеген Серіктестіктің әдеттегі қызмет барысында туындаған болса) бойынша шешімдерді қабылдау;

- 8) Серіктестіктің қарыздар, кепілдіктер және кепіл бойынша Серіктестіктің жалпы активтерінің 10%-нан 25%-на дейінгі сомаға шешімдерді қабылдау;
- 8-1) қатысушылардың жалпы жиналышы үшін нәтижесінде шыгарылған облигациялардың жалпы сомасы Серіктестіктің жалпы активтерінің 25% астамын құрайтын Серіктестіктің облигацияларды шығару шарттарын айқындау жөніндегі ұсыным;
- 9) он және одан жоғары пайызды құрайтын акциялары (жарғылық капиталдағы қатысушы үлестері) Серіктестікке тиесілі Заңды тұлғаның акционерлерінің (қатысушыларының) өкілеттілігіне жататын, оның қызметі жөніндегі мәселелер бойынша Шешімдерді қабылдау;
- 10) сабактас (байланысты/қатысусы бар - афилирленген) тұлғалармен, өлшемі - 1 450 000 теңгеден (жылдық жыныстықтағы айналымдақ сома - 4 350 000 теңге) асатын Мәмілелерді жасау туралы шешімдерді қабылдау, Жарғының 8.2.-тармағының 8) және 11) - тармақшаларында қарастырылған қалыптарды/талаптарды қоспағанда, әрбір әрекет 8.2.-тармағының 12) - тармақшасына көрсетілген мұдделер қақтығысы саясатына сәйкес жүреді;
- 11) егер мұндай мәмілелер Директорлар Кеңесі бекіткен ішкі ережелерде мақұлдаудың өзге рәсімін көздейтін үшінші тұлғалармен ұқсас мәмілелерге қолданылатын үлгілік шарттарда жасалатыннан басқа, кез-келген байланысты (сабактас) тұлғалармен, оның ішінде, кез-келген қызметкерге немесе директорға несие (қарыз) беруді мақұлдау немесе басқа да транзакцияларды растау;
- 12) мұдделер қақтығысы мен барлық қосымшаларға қатысты саясатты дамыту;
- 13) әдеттегі экономикалық қызмет барысында қарастырылған жағдайларды қоспағанда, басқа кез-келген материалдар технологиясы мен зияткерлік меншікті иеліктен шығару бойынша келісімін беру;
- 14) активтің өлшемі 14 500 000 теңгеден асатын жарналық төлемдерін немесе Серіктестікти, немесе Серіктестікке тағайындауды талап ететін корпоративтік стратегиялық қарым қатынастар орнату туралы шешім қабылдау;
- 15) Серіктестіктің қызметін реттейтін құжаттарды (Серіктестіктің қызметін ұйымдастыру мақсатындағы Серіктестік Атқарушы органдары – Басқармасымен қабылданатын құжаттардан басқаларын), есептік және несиелік (кредиттік) саясатты, Кеңесінің қабылдаған құжаттарды қоспағанда), берілген шағын несие (микрокредит) бойынша шартты міндеттемелерді және активтерді жіктеу ережелерін оларға қарсы, жоғалған актив орнын толтыратын қорды - провизияларды (корларды), Серіктестіктің құрылымдық бөлімшелер туралы және жұмысы жөніндегі ережелерді бекіту, сондай-ақ басқа да саясаттар мен ережелерді бекіту;
- 16) Қатысушылардың жалпы жиналышының ерекше құзыретіне жатпайтын және олармен берілген, Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа да сұрақтар;
- 8.3. Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне жататын мәселелерді шешу атқарушы органдың қарауына берілуге жатпайды.**
- 8.4. Директорлар Кеңесі осы жарғыға сәйкес, Серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналышының және Серіктестіктің атқарушы органдының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға, сонымен бірге қатысушылардың жалпы жиналышының шешіміне қарама-қайшы шешімдерді қабылдауға құқығы жоқ.**
- 8.5. Серіктестіктің Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген тексеру комиссиясына тиесілі барлық құқықтарға иелік ете алады.**

## **9. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІН САЙЛАУ ТӘРТІБІ**

- 9.1. Жеке адам ғана директорлар кеңесінің мүшесі бола алады.**
- 9.2. Директорлар кеңесінің мүшелері келесі тұлғалар арасынан сайланады:**
- 1) қатысушы - жеке тұлғалардан;
  - 2) Қатысушылар ұсынған (жақсы мінездеме берген) тұлғалардан;
  - 3) басқа тұлғалардан;



**9.3.** Серіктестіктің қатысушысы болып танылмайтын және қатысушының мүдделерін білдіруші өкіл ретінде директорлар кеңесіне сайлауға Қатысушылар тараапынан ұсынылмаған (жақсы мінездеме бермеген) жеке тұлға Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады;

**9.4.** Атқарушы орган мүшелері, атқарушы органдың функцияларын бір өзі жүзеге асыратын дара басшы, Алқалы атқарушы орган - Басқарма басшысын санамағанда, Директорлар кеңесіне сайланған алмайды. Алқалы атқарушы органдың басшысы және атқарушы органдың функцияларын бір өзі жүзеге асыратын Дара басшы Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланған алмайды.

**9.5.** Директорлар кеңесі мүшелерінің саны жеті адамнан аспауға тиісті.

## **10. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРИНІҢ ӨКІЛЕТТІК МЕРЗІМІ**

**10.1.** Директорлар кеңесінің құрамына сайланған адамдардың, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, қайта сайлануына шек қойылмауы мүмкін.

**10.2.** Қатысушылардың жалпы жиналысымен басқаша анықталмаса, директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі 5 жылды құрайды.

**10.3.** Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі жаңа директорлар кеңесін сайлау жөніндегі қатысушылардың жалпы жиналысын өткізу сәтінде аяқталады.

**10.4.** Қатысушылардың жалпы жиналысы директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігін жедел (мерзімінен бұрын) тоқтатуға құқылы.

**10.5.** Директорлар кеңесінің мүшесі өкілеттігін өз бастамасы бойынша мерзімінен бұрын, директорлар кеңесінің басқа мүшелеріне берілген жазбаша хабарламасы негізінде жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі директорлар кеңесінің қалған барлық мүшелері аталған хабарламаны алған кезден бастап тоқтатылады.

**10.6.** Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау қатысушылардың жалпы жиналысымен жүзеге асырылады, бұл орайда директорлар кеңесінің осы мүшесінің өкілеттігі тұтастай директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімінің өтуімен бір мезгілде аяқталады.

## **11.ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ**

**11.1.** Директорлар кеңесінің төрағасы қатысушылардың жалпы жиналысына қатысқандардың жалпы санының көпшілік даусымен оның мүшелері арасынан құпия түрде дауыс беру арқылы сайланады.

**11.2.** Директорлар кеңесі төрағаны кез-келген уақытта қайта сайлауға құқылы.

**11.3.** Директорлар кеңесінің төрағасы директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарын жүргізеді, сондай-ақ Серіктестіктің ішкі құжаттарында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Директорлар кеңесінің төрағасы болмажан жағдайда, осы мерзімге оның функцияларын директорлар кеңесінің шешімі бойынша директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

## **12. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫН ШАҚЫРУ**

**12.1.** Директорлар кеңесімен өзгеше көзделмесе, Директорлар кеңесі кем дегенде тоқсанына бір рет өткізіледі.

**12.2.** Директорлар кеңесінің отырысы оның төрағасының немесе атқарушы органдың бастамасы бойынша, немесе:

- 1) директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
  - 2) Аудиторлық тексеруді жүзеге асырушы Сыртқы аудиторлық ұйымның;
  - 3) ірі қатысушының;
- талаап етулері бойынша шақырылуы мүмкін.

Серіктестіктің жарғылық капиталындағы үлестің 10% немесе одан көп бөлігі тиесілі меншігі бар Қатысушы немесе Өзара жасалған Келісім негізінде бірге іс атқаратын бірнеше қатысушылар (үлестерінің жиынтығында).

**12.3.** Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап, директорлар кеңесінің тәрағасына директорлар кеңесі отырысына ұсынылатын күн тәртібі бар тиісті жазбаша хабар жіберу арқылы қойылады.

**12.4.** Директорлар кеңесінің тәрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда немесе ол туралы хабарламаны басқа мүшелерге жолдамаған жағдайда, бастаманы көтеруші аталған талаппен, Атқарушы органға жүгінуге құқылы, ол директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндепті. Осы міндепті Атқарушы орган орындараса немесе орындаі алмаса, Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы бастаманы көтеруші өз талабын сот тәртібімен орындатуғы құқықылы болады.

**12.5.** Директорлар кеңесінің отырысын директорлар кеңесінің тәрағасы немесе атқарушы орган, шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап он күннен кешіктірмей шақыруға тиіс.

**12.6.** Директорлар кеңесінің отырысы, оны шақыру туралы талапты ұсынған тұлғаның міндепті түрде шақырылуымен өткізіледі.

**12.7.** Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы жазбаша хабарлама, отырыска ұсынылған күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарымен қоса директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуге тиіс. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы жазбаша хабарлама жиналыс өтетін күннен кемінде 7 (жеті) күн бұрын жіберіледі және хабарламада отырыстың өткізілетін күні, уақыты және орны туралы мәліметтер, сондай-ақ оның күн тәртібі болуға тиіс.

**12.8.** Директорлар Кеңесінің мәжілісіне қатысуы мүмкін емес директорлар кеңесінің мүшесі бұл жөнінде корпоративтік хатшыға алдын-ала ескертуіге міндепті.

### **13. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫ**

**13.1.** Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум Директорлар кеңесінің мүшесі болып тағайындалған мүшелерінің жалпы санының кем дегенде 70% құрауы тиіс.

Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау үшін директорлар кеңесі қатысушылардың кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруға міндепті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері қатысушыларының мұндай кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы ғана шешім қабылдауға құқылы.

**13.2.** Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауықа иелік етеді.

Директорлар кеңесінің шешімдері, егер осы Жарғыда өзгеше көзделмесе, директорлар кеңесінің отырыска қатысқан мүшелерінің жай көшпілік даусымен қабылданады.

**13.3.** Белгілі бір мәселені қарau кезінде, директорлар кеңесінің бір мүшесінде Мұдделер қақтығысы туындаған жағдайда, ол бұл туралы дереу директорлар кеңесінің басқа мүшелеріне хабарлайды және дауыс беруден қалыс қалады.

**13.4.** Дауыстар саны тең болған кезде директорлар кеңесі тәрағасының немесе директорлар кеңесінің отырысында тәрағалық етуші адамның дауысы шешуші дауыс болып табылады.

**13.5.** Директорлар кеңесінің отырысына тек оның мүшелері және корпоративтік хатшысы қатысады. Дегенмен, директорлар кеңесі өз отырыстарына дауыс беруге құқығы жок басқа тұлғаларды шақыра алады.

**13.6.** Директорлар кеңесінің шешімдері тек кездесу арқылы ғана қабылданады және сырттай қарau арқылы қабылдануға жатпайды. Осы мақсаттар үшін телекоммуникациялық құралдарды (дыбыстық-аудио, бейне -видео конференция) рұқсат етіледі.

**13.7.** Директорлар кеңесі өзінің тәрағасының бастамасымен отырыстарды сырттай өткізіп, мәселелерді қарап, дауыс беру арқылы шешімдер қабылдауға құқылы. Сырттай дауыс беру арқылы шығарылған Шешім (Директорлар кеңесінің тәрағасы белгіленген) ең

кемінде 15 (он бес), ең көбінде 30 (отыз) күннен артық емес) белгіленген мерзімде жиналған бюллетендерге сәйкес кворум болған жағдайда қабылданды деп танылады.

**13.8.** Директорлар кеңесінің қабылдаған Шешімі Директорлар кеңесінің төрағасы мен Корпоративтік хатшының қолтаңбалары қойылып түзілген Хаттамамен, отырыс өткізілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күн ішінде рәсімделуі тиіс және келесі мәліметтерді қамтамасыз етуі тиіс:

- 1) серіктестіктің толық атауы мен орналасқан жері;
- 2) отырыстың өткізілген күні, уақыты және орны;
- 3) өткізілген отырыстың формасы – кездесу арқылы немесе сырттай;
- 4) отырысты өткізу кезінде телекоммуникациялық құралдарды пайдаланғандыры туралы ақпаратты (оның сәйкестігін анықтау үшін жеткілікті техникалық мәліметтерімен – мысалы, пайдаланған сымтетік нөмірлері, сессиялардың саны, уақыты және ұзақтығы);
- 5) отырысқа қатысқан тұлғалар туралы мәліметтер;
- 6) отырыстың күн тәртібі;
- 7) дауыс беруге қойылған мәселелер және дауыс беру нәтижелері, күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру қорытындыларымен қоса көрсетілуі;
- 8) қабылданған шешімдер;
- 9) Директорлар кеңесінің қабылдаған шешімдері туралы өзге де мәліметтер;.

Сырттай өткізілетін Директорлар кеңесінің хаттамасына мұндай шешім қабылдауға негіз болған бюллетендер қоса тіркеледі.

**13.9.** Директорлар кеңесінің хаттамасы Серіктестіктің мұрагатында сакталады.

Директорлар кеңесі мүшелерінің немесе Серіктестік қатысуышыларының өтініші, талабы бойынша Корпоративтік хатшы оны Директорлар кеңесі отырысының хаттамасымен таныстыруға және оларға Серіктестіктің мөрімен куәлендірілген оның үзіндісін беруге міндетті.

## 14. БАСҚАРМА

**14.1.** Серіктестіктің ағымдағы қызметін басқаруды алқалық атқарушы орган - Басқарма жүзеге асырады.

**14.2.** Осы Жарғының 14.2-1-тармағында баяндалған құзыретпен шектелмей, Серіктестік Басқармасы Заңнамамен және (немесе) осы Жарғының 7.1 және 8.2-тармақтарымен Қатысуышылардың жалпы жиналысы мен Серіктестіктің Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған Серіктестік қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы.

**14.2-1.** Серіктестік Басқармасының құзыретіне сондай-ақ мынадай мәселелер бойынша шешімдер қабылдау жатады:

- 1) Серіктестікті ұйымдастыру мақсатында оның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту (осы Жарғыға сәйкес, Серіктестік қатысуышыларының жалпы жиналысы мен Директорлар Кеңесінің ерекше құзыретіне жатқызылған құжаттарды қоспағанда), оның ішінде: нұсқаулықтар, кодекстер, басшылық, шарттардың үлгілік нысандары және басқа да құжаттар;
- 2) Серіктестіктің филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу (Серіктестіктің Директорлар кеңесімен тиісті кезеңге бекітілген стратегиялық даму жоспары шенберінде), сондай-ақ олар туралы ережелерді бекіту;
- 3) Серіктестіктің жалпы активтерінің 10% - нан аспайтын сомага резиденттерден және бейрезиденттерден қарыз тарту, кепілдіктер мен кепіл бойынша шешімдер қабылдау, сондай-ақ олар бойынша мәмілелер жасасу;
- 4) Серіктестіктің жалпы активтерінің 25% - нан аспайтын сомага облигацияларды шығару шарттарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау және олар бойынша мәмілелер жасасу;
- 5) Заннамада, осы Жарғыда, Серіктестіктің ішкі құжаттарында көзделген, Қатысуышылардың жалпы жиналысының және Серіктестіктің Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер бойынша шешімдер қабылдау.

**14.3.** Басқарма өз қызметі туралы жыл сайын Серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесі алдында есеп береді.

**14.4.** Басқарма мүшелерінің құрамы мен саны Серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысының шешімімен анықталады, бірақ кемінде үш адамнан кем болмауы тиіс.

Басқарма Директорлар кеңесінің ұсынысымен қатысушылардың жалпы жиналысында сайланған Төрағамен басқарылады.

**14.5.** Басқарма отырыстары қажеттілікке қарай кемінде айна бір рет, кез келген мүшесінің бастамасы бойынша шақырылады және басқарма отырысында оның құрамының үштен екі бөлігінен кем емес мүшелері қатысса өткізілді деп танылады.

**14.6.** Басқарманың шешімдері Басқарма мүшелерінің қарапайым көшпілік дауысымен қабылданады және оның хаттамасымен рәсімделеді. Хаттамаға отырысқа қатысқан барлық мүшелердің қолтаңбалары қойылады.

**14.7.** Басқарма шешімдері Серіктестіктің мүдделеріне сәйкес келіп және қатысушылардың жалпы жиналысы мен директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы келмеуге тиіс.

**14.8.** Басқарма мүшелерінің функциялары, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының ағымдағы заңнамасымен, Серіктестіктің жарғысымен және басқа да ішкі нормативтік құжаттарымен, сондай-ақ Басқарма мүшесімен Серіктестік арасында жасалған еңбек шартымен анықталады. Атқаруыш органдың басшысымен Серіктестік арасындағы еңбек шартына Серіктестік атынан Директорлар кеңесінің төрағасы немесе қатысушылардың жалпы жиналысымен тағайындалған үекілетті басқа тұлға қол қояды. Атқаруыш органының басқа да мүшелерімен еңбек шартына Серіктестік атынан Басқарма кеңесінің төрағасымен қол қояды.

**14.9.** Басқарма төрағасы алқалы атқаруыш органының басшысы болып табылады және осы орайда ол:

- 1) Қатысушылардың жалпы жиналысымен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауды ұйымдастырады;
- 2) ұшінші тұлғалармен қатынастарда Серіктестіктің атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 3) ұшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Серіктестіктің атынан өкіл ретінде әрекет ету құқығымен сенімхат береді;
- 4) мәселелерін қарау Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылған қызметкерлерді қоспағанда, Серіктестіктің қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды, ауыстырады және қызметтөн босатады (КР қолданысындағы заңнамаларында көзделгендерден басқа жағдайларында), оларды ынталандыру мақсатындағы шараларды қабылдайды және тәртіптік жазаларға тартады, Серіктестік қызметкерлерінің лауазымдық айлықтарының және дербес қосалқы төлемдерінің, сыйақыларының мөлшерлерін анықтайды;
- 5) өзі болмаған жағдайда Басқарма мүшелерінің біреуіне өз міндеттерін орындауды жүктейді;
- 6) лауазымдық міндеттерді бөледі және Басқарма мүшелерінің арасындағы өкілеттіктер мен жауапкершіліктерді белгілейді.

**14.10.** Серіктестік Басқармасының Төрағасы (Төрайымы) мен мүшелеріне ақшалай нысанда орындауды көздейтін Серіктестік міндеттемелері бойынша жеке (дара) кепілдіктер мен кепілгерліктер беруге тыйым салынады.

**14.11.** Осы Жарғының 14.10-тармагында көзделген шектеулер Серіктестіктің Басқарма Төрағасының (Төрайымының) және мүшелерінің зайыбына да, барлық тікелей кейінгі және ата-тегі тамыры бойынша туыстарына да, сондай-ақ тұган аға-інілері мен апасындарынан де қолданылады.

## 15. ТАЗА КІРІСТІ БӨЛУ

**15.1.** Серіктестіктің таза табысы, тиісті жылда атқарылған қызметтің нәтижелерін қарауға арналған қатысушылардың жалпы жиналысында қабылданған шешімге сәйкес бөлінеді. Сонымен қатар, қатысушылардың жалпы жиналысы таза табысты немесе оның белгілі бөлігін қатысушылар арасындағы бөлістен алып тастауға құқылы.

**15.2.** Қатысушылардың жалпы жиналысы табысты/кірісті қатысушылар арасында бөлу туралы шешімін қабылдағанда, әр қатысушы Серіктестіктің жарғылық қордағы өзінің үлесіне сәйкес, бөлігін алуға күкілді. Төлем таза кірісті бөлу туралы қатысушылардың жалпы жиналысы шешімі қабылданған күннен бастап бір айдың ішінде ақшалай түрде жүргізілуі тиіс.

**15.3.** Серіктестіктің жарғылық қоры толығымен төленбекенше Серіктестіктің қатысушылары кірісті өзара бөлісуге күкілді жоқ.

## **16. СЕРІКТЕСТИККЕ ҚАТЫСУШЫЛАРҒА ЖӘНЕ ҮЛЕСТЕРДІ САТЫП АЛУШЫЛАРҒА СЕРІКТЕСТИКТІҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ ҰСЫНУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ МЕРЗІМІ**

**16.1.** Серіктестік өзінің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіпке сәйкес, 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде, оның қатысушыларының мүдделерін қозгайтын Серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты қатысушыларға беруге міндettі.

Серіктестіктің мүдделерін қозгайтын ақпарат деп келесілер танылады:

- 1) Серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысымен, Директорлар кеңесімен, Атқарушы органмен қабылданған Шешімдер, сондай-ақ олардың орындалуары туралы ақпараттар;
- 2) Нәтижесінде мүліктер (оның ішінде алынған Несие де) сатып алынып немесе сатылып кеткен, Жалпы сомасы серіктестіктің меншікті капиталының 25% және одан жоғары мөлшерін құрайтын, Серіктестік жасаған мәмілелер немесе жиынтығында бір-бірімен байланысты мәмілелер жөніндегі мәліметтер;
- 3) Серіктестіктің қандай-да бір қызметтің түрімен айналысуына және белгілі іс-әрекеттерді жасаудына, орындаудына, уақытша тоқтатулығына немесе тіптен тоқтатулығына, тыйуна тиісті рұқсатты (лицензияны, сертификатты немесе басқаша рұқсат құжаттары) алу, сондай-ақ қандай-да бір қызметтің түрімен айналысуына және белгілі іс-әрекеттерді жасаудына, орындаудына, бұрын алынған тиісті рұқсатты (лицензияны, сертификатты немесе басқаша рұқсат құжаттары) қайтарып алу жөніндегі мәліметтер ;
- 4) Серіктестіктің кез-келген мүліктеріне салынған шектеулер, ауыртпалықтар, тыйымдар жөніндегі мәліметтер;
- 5) Кенеттен, кезектен тыс сипаттағы мән-жайлар нәтижесінде Серіктестіктің баланстық құны, оның жалпы активтерінің 10% және одан жоғары мөлшерін құрайтын мүлікі жойылған жағдайлар жөніндегі мәліметтер;
- 6) Директорлар кеңесі және/немесе атқарушы орган мүшелері өздерінің осындағы лауазымдық қызметтерін атқару кезінде әкімшілік/қылмыстық жауапкершіліктерге тартылуары жөніндегі мәліметтер;
- 7) Серіктестікті мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру туралы шешімдер;
- 8) Аудиторлық есеп;
- 9) Серіктестіктің жарғысына сәйкес Серіктестіктің мүдделерін қозгайтын өзге де ақпарат.

**16.2.** Үлестерді сатып алушыларға Серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты ұсыну 60 (алпыс) күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырылады. Ақпаратты беру тәртібі мен көлемі үлестерді сатып алу туралы алдын ала жасалған шартта белгіленеді.

**16.3.** Серіктестіктің қызметінің бүкіл мерзімі ішінде, қызметі туралы құжаттарды өзінің атқарушы органды орналасқан жерде сактауга тиіс;

**16.4.** Сакталуға тиіс құжаттарға мыналар жатады:

- 1) Серіктестіктің жарғысы, оған енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;
- 2) Құрылтай жиналыстарының хаттамалары;
- 3) Құрылтай шартты, оған енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;
- 4) Серіктестіктің занды тұлға ретінде тіркелгендігі жөніндегі мемлекеттік тіркеу туралы күелігі;

- 5) Серіктестіктің белгілі бір қызмет түрлерімен айналысуына және белгілі бір іс-эрекет жасауына арналған Рұқсаттары (лицензиялары, сертификаттары немесе басқаша да рұқсат құжаттары);
  - 6) Серіктестіктің балансындағы мүліктердің меншік құқығындағы екендігін растайтын құжаттары;
  - 7) Серіктестіктің филиалдары мен өкілдіктері туралы ережелер;
  - 8) Серіктестік қатысушыларының жалпы жиналыштырының хаттамалары,
  - 9) Директорлар кеңесі мен атқарушы орган отырыстарының хаттамалары;
  - 10) Заңнамалармен сақталуы талап етілетін қажетті басқа да құжаттар.
- 16.5.** Құжаттардың тиісінше сақталуы және толықтығы үшін жауапкершілік серіктестіктің атқарушы органына жүктеледі.
- 16.6.** Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат облыстық «Оңтүстік Қазақстан» газетіне жарияланады.

## 17. СЕРІКТЕСТИКТІҢ ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

- 17.1.** Серіктестік қызметін тоқтату, қайта құру немесе тарату арқылы қатысушылардың жалпы жиналышының немесе соттың шешімімен жүзеге асырылады.
- 17.2.** Серіктестік өз қызметін келесі негідер бойынша тоқтатады:
- Ерікті немесе еріксіз қайта құрылуы жағдайында;
  - Қатысушылардың жалпы жиналышының шешімі бойынша;
  - егер Серіктестіктің қатысушылардың жалпы жиналышы заңдармен белгіленген мерзімде Серіктестіктің жарғылық қорын құрмаса;
  - егер жарғылық қорды азайту нәтижесінде оның мөлшері ең төмен (минималды) мөлшерден кем болса;
  - банкрот болғанда;
  - Серіктестікті құру кезінде, түзетуге жатпайтын Заңдардың бұзылуына жол берілгендейten оның тіркелуі жарамсыз деп табылған жағдайда;
  - өз қызметін тиісті рәсімделген рұқсатсыз (лицензиясыз, сертификатсыз немесе басқаша рұқсат құжатынысыз) жүзеге асырганда немесе заң актілерімен тыйым салынған қызметтерді жүзеге асырганда, немесе заңдарды бірнеше рет өрескел бұзған жағдайда;
  - Серіктестіктің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленгендей, есептік тіркелуі мақсатындағы мемлекеттік қайта тіркеуден өту мерзімін сақтамаса;
  - заңдармен қарастырылған басқада негіздермен;
- 17.3.** Серіктестікті қайта құру (бірігу, қосылу, бөліну, бөлініп шығу, өзгерту) Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіпте қатысушылардың жалпы жиналышының шешімі бойынша ерікті түрде жүргізіледі;
- 17.4.** Серіктестікті тарату қатысушылардың жалпы жиналышымен немесе сотпен тағайындалатын тарату комиссиясымен іске асырады. Тарату комиссиясының тағайындалу сәтінен бастап оған Серіктестіктің істерін басқару бойынша өкілеттіктер өтеді.
- 17.5.** Тарату, колданыстағы заңдармен қарастырылған тәртіпте іске асырылады. Заңды тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік регистріне таратылу туралы жазу енгізілген сәтінен бастап, Серіктестік өз қызметін тоқтатқан, ал тарату біткен болып есептеледі.

ҚЖЖ Шешімі мен уәкілеттілік берілген  
«Арнұр Кредит» МҚҰ ЖІНС-нін  
Басқарма Төрайымы



R.H. Курбаналиева

У Т В Е Р Ж Д Е Н  
Решением Общего собрания участников  
ТОО «МФО «Арнур Кредит»

Протокол № 30/2022 от 29 июня 2022 года

**УСТАВ**  
**товарищества с ограниченной ответственностью**  
**«Микрофинансовая организация «Арнур Кредит»**

**1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ**

**1.1.** Настоящий Устав товарищества с ограниченной ответственностью «Микрофинансовая организация «Арнур Кредит» (далее – Товарищество) определяет его правовой статус как юридического лица, созданного в соответствии с законодательством Республики Казахстан, содержит наименование, местонахождение, порядок формирования и компетенцию его органов, условия реорганизации и прекращения его деятельности и другие положения, не противоречащие законодательству Республики Казахстан.

**1.2.** Товарищество перерегистрировано согласно действующему законодательству Республики Казахстан в связи с изменением наименования, старое наименование Товарищества – ТОО «Микрокредитная организация «Арнур Кредит».

**1.3.** Ведение реестра участников Товарищества осуществляется профессиональным участником рынка ценных бумаг, осуществляющим деятельность по ведению системы реестров держателей ценных бумаг.

**1.4.** Полное фирменное наименование Товарищества:

- на Государственном языке: «Арнұр Кредит» Микроқаржылық ұйым» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
- на Русском языке: Товарищество с ограниченной ответственностью «Микрофинансовая организация «Арнур Кредит»;
- на Английском языке: «Microfinance organization «Arnur Credit» Limited liability partnership.

**1.5.** Сокращенное наименование Товарищества:

- на Государственном языке: «Арнұр Кредит» МҚҰ» ЖШС;
- на Русском языке: ТОО «МФО «Арнур Кредит»;
- на Английском языке: «MFO «Arnur Credit» LLP.

**1.6.** Местонахождение Товарищества: Республика Казахстан, 160011, город Шымкент, Аль-Фарабийский район, улица Ахмет Байтурсынов, здание 10/2.

**1.7.** Срок деятельности Товарищества не ограничен.

